



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!



Мақжан

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Президенттің досымыз маңызды! Билең елдің қандығы өз елі!
ELECTION.GOV.KZ
№11 (651)
12 НАУРЫЗ, БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ



Бaqберген САРСЕНБАЙҰЛЫ:

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҚАТАР БЕРІЛГЕНДЕ ҒАНА ҚАУІПТІ ЖЕҢЕМІЗ

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы». Әлемнің екінші ұстазы, ойшыл әл-Фарабидің осы бір сөзі адамзат баласының ұстанымына айналса, әлемде жамандық атаулы болмас па еді?! Кім білсін?! Адамгершілік жайлы Абайдың айтқан даналық сөздері де талайдың санасына сілкініс жасайды. Діни білім тұрғысында да бұл мәселе жетіп артылады. Осы ретте Қызылорда облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» аға маманы, теолог Бақберген Сәрсенбайұлымен сұқбаттасқан едік.

5-БЕТТЕ

Қазақ қоғамында бала тәрбиесіне қатысты терең тамыр жайған түсінік өте көп. Соның бірі – ата-ананың балаға жасаған еңбегі мен қамқорлығы үшін баланың «қарыз» болуы. «Балам ертең мені бағады», «баламыз ертең бізді асырайды» деген сөздер көпшілікке таныс. Бұл түсінік ғасырлар бойы қалыптасқанымен, қазіргі қоғамда оның дұрыс-бұрысы жөнінде дау-дамай жиі туындайтыны жасырын емес. Бала ата-анасына қарыздар болып өсуі керек пе, әлде ата-ана мен бала арасындағы қатынас мүлде басқа ұстанымға негізделуі тиіс пе?

Қазақы дүниетанымда ата-анаға құрмет – ең биік құндылықтардың бірі. «Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді», «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деген мақал-мәтелдер соның дәлелі. Дәстүрлі қоғамда бала ата-ананың қамқорлығын, тәрбиесін, еңбегін өтеуі тиіс деген түсінік бар.

БАЛА – БОРЫШКЕР МЕ, ӘЛДЕ АМАНАТ ПА?



Суреттер ЖИИ арқылы жасалған

3

НЕКЕДЕН НЕГЕ ҚАШАМЫЗ?

4



УАҚЫТТЫ ҰРЛАЙДЫ, САНАНЫ УЛАЙДЫ

Бірде жай, бірде тез өтетін уақыт – адам баласының ең басты құндылығының бірі. Әрине, оны бағалау қажет. Себебі ол қайта оралмайды. Бірақ құнын білсек те, дәл осы маңызды ресурсты өз еркімізбен виртуалды әлемге сарп етіп жатқанымыз тағы бар. Таңертең көзді аша сала смартфонды қолға алу, қоғамдық көлікте келе жатып, әлемдік торды тоқтаусыз ақтару, түнде ұйықтар алдында сағаттап желі ұсынған сан түрлі контентті тұтыну – бүгінгі қоғамның қалыпты дағдысына, тіпті жазылмас дәртіне айналды.

Ең алғаш қолданысқа енген әлеуметтік желіні білесіз бе? 1995 жылы әлеуметте ең алғаш «Classmates.com» қолданысқа енген. Ал кейіннен 2003-2004 жылдары қатарға «LinkedIn», «MySpace», «Facebook» қосылды. Олардың ең алғаш мақсаты – ақпарат алмасу, байланыс құралы ретінде пайдалану. Бірақ уақыт өте ол өз мағынасын жоғалтты.



КОЛЛАЖ А.НҰР

ТАБИҒАТ СЫРЫ:

Ж



ҰМБАҚ ЖАНУАРЛАР

8-БЕТТЕ

Адам жүрегінде ең терең із қалдыратын сезім – махаббат. Ол кейде самал желдей нәзік, кейде дауылдай күшті болып, жан дүниемізді тербейді. Бұл оқиға бертінде, арқа-жарқа болып, мектеп табалдырығынан үлкен өмірге саяқ басқалы тұрғанда болған еді...

Жаз... Күннің аптап ыстығында жанталасып жоғары оқу орнына құжат тапсырып жүрген бетім. Ғимарат қапырық, лек-легімен ағылған студенттер. Көбінің ауылдан екені байқалып тұр. Мен де жан-жағым алақ-жұлақ қарап қоямын. Аяғым талып, әбден қажыған соң бір жамбастап орындыққа отыра кеттім. Бірде жаным қасы қалып, көздері ботадай, әдеміше келген қыз жақындап: – Сен де құжат тапсырғалы жатырмысың? – деп сұрады.

ЕЛІГІМ-ЕРКЕМ



Суреттер ЖИИ арқылы жасалған

6

ҚАНЖЫҒАДА АЛТЫН, КҮМІС, ЕКІ ҚОЛА

Семей қаласында спорттық самбодан 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Еліміздің әр өңірінен келген жас спортшылар бақ сынаған бұл долада Қызылорда облысының спортшылары жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі орындарға не болды. Жарыс қорытындысы бойынша қызылордалық жас балуандар бір алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

Атап айтқанда, 59 келі салмақ дәрежесінде Аружан Алмағанбетова қарсыластарынан басым түсіп, I орын иеленіп, чемпион атанды. 72 килограмм салмақ дәрежесінде Гүлсезім Жанабыл финалдық белдесуде лайықты күрес көрсетіп, II орынға қол жеткізді. Мәншүк



Құдабай мен Аялым Болат та табандылық танытып, қола медаль иегері атанды.

Жас спортшылардың бұл жетістігі – олардың табанды еңбегінің, жаттықтырушылардың жүйелі дайындығы

мен қолдауының нәтижесі. Осындай жарыстар жасөспірімдердің тәжірибе жинақтап, болашақта үлкен спорттағы жетістіктеріне жол ашады.

«АЖ-ақпарат»

ЖАСТАР

жаңалықтары



«ЖЫР КЕРУЕН» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

«Өнер орталығында» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, жырау Алмасбек Алматывтың 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуен» атты шығармашылық кеш өтті.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жазушы, тарихшы-этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығара Салғараұлы, халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Алмасбек Нұрмаханұлының үзеңгілес әріптестері мен елімізге белгілі шәкірттері, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің төл өнерді өркендетуге қосқан үлесін атап өтіп, барша Сыр жұртшылығының атынан сый-құрмет көрсетіп, автокөлік кілтін тарту етті. Сондай-ақ кеште Жанарбек Әшімжан өнер қайраткеріне Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын табыстады.

Өнер кешінде айтыскер ақын Мұхтар Ниязов мерейтой иесіне арнау айтып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елмұра Жаңабегенова, Айгүл Елшібаева және басқа да ақын-жыршылар өнер көрсетті. Жыраудың өзі «Жыр бастауын» орындады.

Сонымен қатар аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы жыраудың шәкірттері, Түркия мемлекетінің Анкара музыка және көркем өнер университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанттары Күнсұлу Түрікпен мен Акерке Дабыловаға айына 300 мың теңге стипендия тағайындады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

3.Шүкіров атындағы қалалық мәдениет үйінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаев қатысып, нәзік жандарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

Мерекелік жиында әйел-аналардың қоғамдағы орны мен отбасы тәрбиесіндегі ерекше рөлі атап өтілді. Қазақ халқы қашанда әйел затын ардақтап, ананы шаңырақтың шырағы, тіршіліктің тірегі деп бағалағаны айтылды. Сонымен қатар тарихта елге үлгі болған аналар мен батыр қыздардың өнегелі жолы сөз болды.

ЖАСТАР ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

«Руханият» орталығында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері аудан жастарымен кездесті.

Аумақтық коалиция жетекшісі Ғазиз Әліш жаңа Конституцияда ғылым, білім және инновацияларды мемлекеттік саясаттың басты стратегиялық басымдықтарына айналдырудың маңызын атап өтті. Оның сөзінше, құжаттың негізгі мақсаты – адам капиталын дамыту.

Кездесуге қатысқан өзге спикерлер де Ата заңды уақыт талабына сай жаңартуды қолдады. Коалиция мүшелері Талайлы Бөріқұлаков пен Күмісбай Серікбаев Конституция жобасы құқықтар мен бостандықтарды нығайтуға, адам капиталын дамытуға, жастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталғанын, сондай-ақ еліміздегі барлық азаматтың, әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтардың мүддесі мен сұранысын қамтитынын атап өтті.

ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Аудандық жастар ресурстық орталығы және Қармақшы ауылдық округінің әкімдігі бірлесіп «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жастар арасында теннис-тен жарыс ұйымдастырылды.

Жарыстың негізгі мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Аудандық жастар ресурстық орталығының жанынан құрылған «Jalyndy jas» еріктілер клубы аудан тұрғындары арасында интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында кең көлемді түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аталған шара барысында халық көп шоғырланған орындарда, атап айтқанда «Далида» және «Тәберік ата» сауда үйлерінде тұрғындарға интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің түрлері, одан сақтану жолдары және жеке деректерді қорғаудың маңыздылығы туралы ақпараттар берілді.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Пробация есебінде тұрған азаматтармен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында түсіндіру кездесуі өтті.

Кездесу барысында қатысушыларға радикалды идеологияның қоғамға тигізетін зияны, оның салдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар дәстүрлі құндылықтарды сақтау, діннің дұрыс түсінігін қалыптастыру және қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайту мәселелері талқыланды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков экология мен санитарлық тазалық мәселелерін әрдайым басты назарда ұстап, бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне ерекше мән беріп келеді. Аудан басшысының тапсырмасына сәйкес аудан аумағында абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Сенбілікке аудан орталығы мен барлық ауылдық округтердің тұрғындары, дербес бөлім қызметкерлері, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің ұжымдары, жастар ұйымдары мен еріктілер белсене қатысып, көшелер мен қоғамдық орындарды күл-қоқыстан тазартты.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Конституциясының жаңа жобасын талқылау мақсатында Руханият орталығында «Жаңақорған тынысы» газетінің тілшілері мен белсенді жастардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Басқосуға аудандық қоғамдық штаб мүшелері Баян Усейінова және Наурызбай Орынбасаров қатысты. Онда жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ жаңа жобада азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әлеуметтік кепілдіктерді нығайту және заң үстемдігін қамтамасыз ету басты басымдықтардың бірі екені айтылды.

«АЖ» ақпарат

АНАҒА ҚҰРМЕТ – ҚОҒАМҒА ҚҰРМЕТ



Достық үйінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараны Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі өткізді.

Мерекелік жиынға этномәдени бірлестіктердің төрағалары, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы қоғамдық құрылымдардың жетекшілері мен мүшелері қатысты. Кездесудің басты мақсаты – қоғамдағы әйелдердің рөлін дәріптеп, аналардың еңбегіне құрмет көрсету.

Шара барысында облыстық қоғамдық даму басқармасының

«Қоғамдық келісім» КММ директоры Бақытжан Камалов сөз сөйлеп, жиналған қауымды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады. Ол өз сөзінде әйел-аналардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, олардың отбасы мен ел бірлігін сақтаудағы еңбегі зор екенін жеткізді.

Сонымен қатар облыстық

этномедиация орталығының төрағасы Жанна Мирамбекқызы мен облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Манзура Абдуғафарова да құттықтау сөз сөйлеп, аналар қауымына ізгі тілектерін білдірді.

Мерекелік шара барысында әсем ән шырықалып, қатысушылар аналарға арналған жылы лебіздерін жеткізді. Кеш соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, бір-біріне мерекелік көңіл күй сыйлады.

«АЖ-ақпарат»

ЖЫЛ БАСЫНАН 60 ӨРТ: НЕ СЕБЕП?

Жыл басынан бері облыс аумағында өрт оқиғаларының саны өткен жылмен салыстырғанда 10,4 пайызға төмендеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов айтты.

– Жыл басынан бері облыс аумағында 60 өрт оқиғасы тіркелді. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі тұрғын үй секторында орын алуда. Негізгі себеп – тұрғындардың өрт қауіпсіздігі талаптарына салғырт қарауы. Пештердің техникалық жағдайын тексермеу, балаларды қараусыз қалдыру, қауіпсіздік ережелерін сақтамау сияқты жағдайлар әлі де кездеседі.

Осыған байланысты жылу беру маусымы кезінде жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметкерлері және еріктілермен бірлесіп профилактикалық жұмыстар



тұрақты жүргізілуде. Сонымен қатар «Өзіңді тексеріп – қауіпсіз бол!», «Өрт болса – дереу хабарла!», «Қауіпсіз тұрғын үй», «Қауіпсіз асхана» акциялары ұйымдастырылды.

Сондай-ақ сауда нысандарында 5 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді, – деді Бейбітхан Оразайұлы.

Сонымен қатар спикердің айтуынша, өрттің алдын алуда тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтауы маңызды. Кейінгі уақытта үйлерге өртті ерте анықтайтын арнайы датчиктерді орнату жұмыстары да күшейтілген.

Мұндай құрылғылар түтін немесе қауіпті газ пайда болған жағдайда бірден дабыл беріп, тұрғындарға қауіп туралы ескерту жасайды. Бұл өз кезегінде өрттің алғашқы сәтінде әрекет етуге мүмкіндік беріп, адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРЯ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

ТӘРБИЕ ТӘСІЛІ ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕНДЕ

«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым несі болуды тілейтін өнер»

Мағжан Жұмабаев

Осы жағдайды ойлап отырғанда қолдағы шайымыз да суыды. Бірақ «сонда баланы қалай тәрбиелеу керек?» деген сауал жауапсыз қалды.

Іштегі сұрақ маза бермеген соң, үстел басындағы үлкендердің де мазасын алдық, пікірін білгіміз келді. Төрт ұл, бір қыз өсірген, он беске жуық немере мен алты шөбере сүйген Әсия әжеден бастадық.

– Жаным-ау, сұрағың орынды-ақ, – деді

Гаухар Рзақызы, 1 баланың анасы, 25 жаста:

– Жоқ, баланы ұрып-соғып тәрбиелеуге болмайды. Үйінде әр бұзықтығы үшін сөгіс алып, бұрышқа тұрып, одан қалды таяқтың дәмін татқан бала ертең ынжық болып өседі, қоғамда да қоркыншыпен жүреді. Баламен дос ретінде араласып, оның да жеке тұлға екенін түсіндіру керек.

Әсет Мырзалиев, 2 баланың әкесі, 32 жаста:

– Баланың бойында ата-ананы сыйлау, сонымен қатар сәл болса да жүрексіну болу керек секілді. Сол кезде әр қадамын ойлап, байыппен басады. Әкенің қабақ шытқанын, ананың ренжігенін түсінуі қажет. Ал ондай қасиеті болу үшін арасында бір қаттылық танытқан да жөн.

Қатыгез бала қайдан шығады?

Жақсы көру керек, бала махаббатқа бөлену керек дедік. Бірақ мейіріммен өскен бала да қатыгез бола ма? Мысалы сыныптастардың, достардың арасында келемеждеу, қисынсыз әзілдеп, көңілге қарамау бұрыннан бар дүние. Ал одан қалды кейінгі жылдары буллинг, қысым да жиілеп кеткен-ді. Мысалы былтыр жыл соңына таяп қалған уақытта Түркістандағы 9 сынып оқушысы сыныптастарының соққысынан қайтыс болды. Ал биыл Құлауырада 10 сынып оқушысы мектепке балтамен келген. Тағы бір ескеретін жәйт, мектептегі буллинг үшін ата-анаға айыппұл салынады. Егер буллинг алғаш рет тіркелсе, айыппұл көлемі 10 АЕК, ал қайталанған жағдайда айыппұл мөлшері 30 АЕК-ке дейін өседі.

DATA HUB мәліметінше, елде былтыр қаңтар-қыркүйек айларында 1703 жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 2024 жылмен салыстырғанда 35%-ға көп.

2015-2019 жылдары 2 мыңнан астам жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылған, ал 2020-2024 жылдары көрсеткіш 1,5 мыңнан аспаған. Десе де осы аралықта, яғни 2022 жылы қайта өсу байқалып, 2025 жылы күрт артқан.

БАЛА – БОРЫШКЕР МЕ, ӘЛДЕ АМАНАТ ПА?

Басы 1-бетте

Қазақ қоғамында бұл түсініктің әлеуметтік негізі де қалыптасқан. Үлкен отбасы, ортақ шаруашылық, бір-біріне тәуелді өмір салты балалардың ата-анасына қамқор болуын табиғи міндетке айналдырды. Қартайған ата-ананы бағу баланың ғана емес, жалпы әулеттің парызы саналатын. Яғни ерте жастан балаға «ата-анаға қарызсың» деген сөз көбіне тәрбиелік мәнде айтылып, құрмет пен жауапкершілікке үйретудің бір тәсілі ретінде қолданылып келді.

Алайда бүгінгі қоғамда бұл түсініктің екінші қыры ашық айтылып жүр. Кейде ата-ана балаға жасаған жақсылығын міндетсініп, оны өмір бойы еске салып отырады. Мұндай жағдайда бала ата-анасына деген шынайы сүйіспеншіліктен емес, кінә сезімінен немесе моральдық қысымнан әрекет етуі мүмкін.

Психологияда мұны «қарыз сезімі арқылы тәрбиелеу» деп атайды. Мұндай тәсілдің бірнеше салдары болуы ықтимал. Мәселен бала өміріндегі маңызды шешімді де, кез келген қалауында да еркін тандай алмайды,

ата-ананың үмітін ақтау үшін өз армандарынан бас тарту және ата-анаға деген махаббат пен құрметтің орнына міндет пен ауыр жауапкершілік сезімі қалыптасады. Нәтижесінде бала өзін жеке тұлға ретінде емес, ата-ананың үмітін ақтауға тиіс борышкер ретінде сезінуі мүмкін.

Жантану мен дін не дейді?

Қазіргі педагогика мен психологияда бала ата-ананың қарыздары емес, керісінше ата-анаға аманат деген ұстаным жиі айтылады. Яғни ата-ана баланы дүниеге әкелген соң, оны өсіру оның табиғи міндеті. Бала бұл үшін ата-анасына қарыз болмауы керек деген пікір бар.

Шын мәнінде бұл мәселені ақ-қараға жіктеу аса қиын. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі һәм діни тәрбие де, қазіргі психологиялық көзқарас та белгілі бір деңгейде дұрыс саналады.

Бір жағынан, ата-ананы құрметтеу адамгершіліктің белгісі. Қартайған ата-анасына қарамайтын, оларды ұмыт қалдыратын қоғамда моральдық құндылықтар әлсірейді. Екінші жағынан, баланы үнемі «қарыздарсың» деп өсіру оның психологиялық еркіндігіне кері әсер етуі мүмкін.

Сондықтан мамандар мұндай қарым-қатынаста қос тарапқа «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмейтін» тепе-теңдікті ұсынады. Ата-ана балаға жақсылығын міндет қылып емес, махаббатпен жасауы керек, ал бала ата-анасына қамқорлықты қарыз ретінде емес, ризашылық пен құрмет ретінде көрсетуі тиіс.

– «Ешкім ешкімге ештеңе міндетті емес» деген принциппен өмір сүрген жөн. Мен ата-ана ретінде қазіргі таңда шамам жеткенше балаларымның жағдайын жасаймын, бере алғанымша

әже. – Бірақ бала тәрбиесінде қатып қалған ереже жоқ. Бірде жылы сөйлеп түсіндіресің, кейде сөзбен шағып аласың. Бірақ ұру дегенді қолданып көрмейсің. Балаларым қас-қабақ арқылы да түсіне қоятын. Бірақ бір түсінгенім, әр бала расымен де, бір әлем.

Рақмет айтып, басты ізей бергенде қарама-қарсы отырған апа:

– Біздің заманда баланың тәрбиесінен гөрі,

Гүлнұр Рахатқызы, 50 жаста:

– Ел аузындағы сөздерге мән берсең, маған қойған сұрағына жауап табасың. «Баланды бес жасқа дейін патшандай күт» деген бар. Кейін құлындай жұмса десе, өсе келе досың секілді сырласу керек екені айтылады. Біз баламызды дәл осы реттілікпен өсірдік. Балалық шағында еркелеттік, әлпештедік, ес біле бастағанда «жоқ» деген ұғыммен таныстырдық, үйдің жұмысына да араласты. Жалғыз бала, ата-әжесінің тұңғыш немересі болса да, ретімен ғана еркелеттік. Ал жігіт болған шағында ақылдасып, жоспармен бөлісіп, оның да тұлға, ойын жеткізуге құқы бар екенін түсіндірдік. Қазір өзі де жас әке, жақсы азамат, жақсы күйеу.

Әмина Мұрат, 35 жаста:

– Ана атанғанға дейін ешқашан балама ұрыспаймын деп ойлайтынмын. Бірақ баланың бөлшегі үшін қажет кезде ұрыса да, еркелете де білу керек екенсің. Тек таяқпен өскен бала,

Баланың қателігін ата-ананың берген тәлім-тәрбиесіне арта алмаймыз, десе де жауапкершілікті ата-ананың мойнынан ешкім алмады. Мұндай қылмысқа, қатыгездікке не себеп? Тәттісін тығып берген ата-әже, киімі бүтін болсын деп жұмыста жүрген ата-ана баласына жұдырығыңды ала жүгір демейді ғой. Психологтардың айтуынша, кей ата-ана жасөспірім баласының теріс қылыққа әуестенген шағын ескермей қалады. Ал дәл осы жасөспірім кез баланың ішкі менін, қоғамдағы орны мен тұлға ретіндегі қағидаларының қалыптасатын уақыты.

Қатыгездік – балаға тән табиғи қасиет емес. Ол көбіне баланың психикасына, үйдегі тәрбиеге, мектептегі ортаға және әлеуметтік үлгілерге байланысты қалыптасады. Мейірім мен тұрақтылықты көрмей өскен бала қоркыншы пен ашуды өз қорғаныс механизмі ретінде қолданады. Сондай-ақ достар қысымы, келемеждеу, агрессивті контентке жиі ұшырау балада агрессияны қалыптастырып, мінез деп қабылдауға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір баланың жүрегінде

ізгілік пен мейірімділіктің өсуіне жағдай жасау – қоғам мен ата-ананың негізгі міндеті.

Педагогикада «тоқаш пен таяқ» деген әдіс бар. Ылғи мақтап, тоқашпен ғана тойдыруға болмайтын сияқты, үнемі таяқпен де балаға тәлім беруге болмайды. Бала тәрбиесі – дәл осы әдістің өзіндік үйлесімі секілді. Мейірім мен қаттылықты, жылы сөз бен шынайы шектеуді дұрыс үйлестіре білсек, ол бойына ізгілік пен жауапкершілікті сіңіреді.

Бастаған сөзбен қорытындылауды жөн көрдік. «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым несі болуды тілейтін өнер».

Ә.ЖАНӨБЛҚЫЗЫ



Суреттер «ЖИ» арқылы жасалған

Қамқорлық – тек парыз емес, заң талабы

Биылдан бастап кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасау міндеті жаңа Конституцияда бекітілуі мүмкін. Бұл туралы ҚР Мәжіліс депутаты, Конституциялық комиссия мүшесі Бақтығожа Ізмұхамбетов мәлімдеді.

– Аға буын үшін маңызды тармақ – кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасау міндетін Конституцияда бекіту ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық ынтымақтастықты күшейтеді, – деді депутат.

Жаңа Конституция жобасында қарастырылған 30-бапта кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасау міндеті көзделген. Сонымен қатар «Неке және отбасы туралы» кодекстің 145-бабында еңбекке жарамсыз ата-аналардың мәртебесі «көмекке мұқтаж» деген толықтырумен нақтыланады. Себебі еңбекке жарамсыз ата-аналардың барлығы бірдей сыртқы көмекке зәру болмауы мүмкін.

Аталған бапқа сәйкес, еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалар өздерінің еңбекке жарамсыз әрі көмекке мұқтаж ата-аналарын асырауға және оларға қамқорлық жасауға міндетті. Егер алимент төлеу туралы өзара келісім жасалмаса, мұндай жағдайда алимент сот тәртібімен өндіріп алынуы мүмкін.

Дегенмен, заңда белгілі бір ерекшеліктер де қарастырылған. Егер сот ата-ананың балаға қатысты өз міндеттерін орындаудан бұрын жалтарғанын анықтаса, онда бала ата-анасын асырау міндетінен босатылуы мүмкін. Сондай-ақ ата-ана құқығынан айырылған тұлғаларға балалардың алимент төлеу міндеті жүктелмейді.

Жаңа Конституция жобасындағы аталған тармаққа қатысты Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы МКҚК директоры Ардақ Сейтова өз пікірін білдірді.

– Ата-анасы түгелі өзін баға алмай-

амандығы, қарнының тоқ екені, киімі түгел, тоңбады ма деген дүние мазалайтын. Аш жүрмесе, соған мән болды. Себебі әрқайсымен сөйлесетін уақыт та болмайтын. Құдай берген балаларымды асырау үшін әкелері екеуіміз күні-түні жұмыста болдық. Балаларым өздерімен өзі өсті, – деді сексенге жақындаған Құлпан әже.

Біршама пікірден кейін әр жылдары бала тәрбиесіне көңіл бөлудің тәсілі де әртүрлі болған-ау шамасы деп тоңшыладық. Ал таяқпен тәрбиелеген дұрыс па? Себебі қазіргі жас ата-ана үшін баланың психологиялық жағдайы, жеке тұлға ретінде қалыптасуы өте маңызды. Тағы да ата-аналардың пікіріне зер салсақ.

ертен таяққа да еті үйреніп кетеді. Ал тым бос ұстасаң да, қой дейтін қожа болмаса, тағы болмайды.

Тұрсын Мырзағали, 60 жаста:

– Балаңның болашағына алаңдасаң, бесіктен баста, тіпті туғанға дейін әрекет ет, қарағым. Қазақы ортада бесік жырын айту, ертегі мен мысал арқылы тәрбиелеу деген бар. Бүгінде бұл қалып бара жатқан, шаңбақан үрдіске айналды. Кішкентайынан жүрегіне махаббат пен мейірімді жақсы сіңіре алсаң, ертең елі үшін еңбек етіп, отбасының жүгі мен жауапкершілігін арқалай алатын үлкен ер азамат болып өседі.

Аружан ОРАЛБАЙ

НЕКЕ ДЕН

НЕГЕ ҚАШАМЫЗ?

Бүгінгі қоғамда адам көбейгенмен, жалғыздықты тандайтындардың да қатары артып бара жатқаны алаңдатады. Қалада халық тығыз, көшеде көлік қаптаған, әлеуметтік желіде мыңдаған «дос» бар. Бірақ соған қарамастан, көп адамның жүрегі жалғыз. Әркімнің өз әлемі бар. Бұл құбылысты ғалымдар «қоғамдағы оқшаулану феномені» деп атайды. Яғни адамдар бір қоғамда өмір сүрсе де, бір-бірінен алысқа болады.

Кезінде қазақ қоғамында отбасы – тіршіліктің алтын дінгеі саналатын. «Жалғыздық тек құдайға жарасқан» деген түсінік бар еді. Ал бүгінгі буын үшін отбасы құру бұрынғыдай міндет емес, кейде тіпті ауыр жауапкершілік ретінде қабылданады. Қазіргі жастардың бір бөлігі үйленуге асықпайды, бала сүюді кейінге қалдырады, ал кейбірі мүлде жалғыз өмір сүруді таңдауда. Мансап, қаржылық тұрақтылық, жеке еркіндік – көпшілік үшін отбасынан да маңызды құндылық екені рас.

Бұл жай ғана жеке таңдаудың мәселесі ме, әлде қоғамдағы үлкен өзгерістің белгісі ме? Мақалада тарқатамыз.

ЕЛДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда да отбасы құру үрдісі бұрынғы қарқынмен жүріп жатқан жоқ. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, өткен жылы елдегі жалпы некелесу коэффициенті тәуелсіздік жылдарындағы ең төменгі деңгейге түсіп, 5,62 көрсеткішін құрады. Бір жылдың ішінде бұл көрсеткіш 0,51 пунктке кеміген. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында некелесу деңгейі 10,1 шамасында болғанын ескерсек, көрсеткіштің уақыт өте келе айтарлықтай төмендегені анық байқалады. Тіпті 2013 жылы 9,89 көрсеткішімен ең жоғары межеге жеткен некелесу динамикасы кейінгі онжылдықта ақырындап бәсеңдеді. Кейінгі он екі жыл ішінде коэффициент 4,27 пунктке төмендеп, бүгінгі деңгейі 1999 жылғы ең төменгі көрсеткішке жақындады.

Статистикаға зер салғанда, 2025 жылы Қазақстанда небәрі 114,5 мың неке тіркелгенін байқадық. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға аз әрі кейінгі 22 жылдағы ең төмен нәтиже. Сарапшылар мұны жастардың отбасы құрудан мүлде бас тартуымен ғана байланыстырмайды. Өйткені некелесу көрсеткішіне халық саны мен неке жасындағы азаматтардың үлесі де әсер етеді. Дегенмен мамандар кейінгі жылдары байқалған екі үрдіске назар аударады. Біріншісі – жастардың некеге кешірек тұруы, екіншісі – ресми тіркелмеген азаматтық немесе діни некелердің көбеюі. Мәселен кейінгі он жылда қазақстандықтардың некеге тұрудағы орташа жасы 27,1-ден 27,9 жасқа дейін өскен. Яғни бүгінгі буын асығыс шешім қабылдағаннан гөрі, алдымен өмірін реттеп, тұрмысын түгелдеп алуға бейім. Бұл құбылыс қоғамдағы құндылықтар өзгерісінің тағы бір көрінісі іспетті.

ТАРАЗЫ БАСЫНДА ОТБАСЫ МЕН МАНСАП

Қазіргі заман жастарының өмірлік қалауы бұрынғы буыннан айтарлықтай өзгеше. Бұрын ата-ана

Басы 1-бетте

2023 жылы Kazinform сайтында жарияланған мәліметке сәйкес, «Facebook» – 2,9 миллиард қолданушысы бар әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі. Одан кейін 2,5 миллиард және 2 миллиард қолданушылары бар «Youtube» және «WhatsApp». Үздік бестікке 1,4 миллиард пайдаланушысы бар «Instagram» және 1,3 миллиард тұтынушымен «WeChat» қосымшалары кірді. Сондай-ақ «TikTok», «Facebook Messenger», «Telegram», қытайлық «Douyin», «Kuaishou», «Sina Weibo» және басқалары ең танымалдардың тізіміне енді.

Сонымен қатар ең сүйікті желі ретінде қолданушылар Марк Цукерберг пен оның командасының Meta-ға қарасты «WhatsApp» желісін таңдады – 16,1%. Екінші орында «Facebook» әлеуметтік желісі – 14,6%, ал «Meta» компаниясының тағы бір өнімі «Instagram» үшінші орында. «Facebook» желісінен айырмашылығы небәрі 0,1 пайызды құрады. Бұл әлеуметтік желілердің өзектілігі туралы статистика. Бірақ қоғам әлеуметтік желіні не үшін пайдаланады? Бірге білейік.

«Datareportal.com» порталының мәліметіне сәйкес, төрт жыл бұрын, яғни 2021 жылдың басында GWI сауалнамасы ересектердің 84,1 пайызы соңғы бір айда іздеу жүйесін пайдаланғанын анықтады.

Дегенмен, 2025 жылдың басында бұл көрсеткіш 80,6 пайызға дейін төмендеді, бұл іздеу жүйесінің бастапқы мақсатын жоғалтқанын көрсетеді.

2025 жылдың шілде айының көрсеткішіне сенсек, 16 жастан асқан интернет қолданушылардың 93,4 пайызы уақытын әлеуметтік желіге арнайды екен. Салыстырмалы түрде ең төмен көрсеткіш 29,5 пайыз. Бұл бизнес, жұмыс және бірлескен жұмыс. Сол себепті әлеуметтік желіде «уақыт өткізу» жиіледі деген тұжырым шындыққа жанасады.

Жас қолданушылар арасында әлеуметтік желіні орташа тұтыну уақыты жоғары. GWI деректері 16 мен 24 жас аралығындағы әйелдер әлеуметтік желідегі бейнебаяндарды көруге аптасына орта есеппен 25 сағат 45 минут жұмсайтынын көрсетеді, бұл күніне орта есеппен 3 сағат 40 минуттан астам уақытты құрайды. Алғашқы кезде 3 сағат өте аз көрінуі мүмкін. Алайда жылдық көрсеткішпен бұл 55-56 күнді құрайды. Сонда біз шамамен 2 айды әлеуметтік желінің арбауында өткіземіз. Қарап отырсақ, бұл уақытта жаңа тіл меңгеруге, курс өтіп, жаңа мамандықты меңгеруге болар еді.

Неге әлеуметтік желіге әуес болдым? Бұл сұрақ бізді де, сізді де бейжай қалдырмас. Оның жауабы бір-ақ сөз. Алгоритм. «Тек хабарламаларды тексеремін» деп байқаусызда бір-екі сағаттың қалай өтіп кеткенін сезбей қалатынымыз рас. Бұл кездейсоқтық немесе адамның тек ерік-жігерінің әлсіздігі емес, әлеуметтік

баласының үйлі-баранды болғанын басты мақсат деп санаса, бүгінгі жастар алдымен өз орнын табуға тырысады. Жақсы білім, тұрақты жұмыс, жеке пәтер, қаржылық тәуелсіздік – көпшіліктің басты мақсаты. Осылайша, жалғыз жүріп ақ жетістікке жеткенді мәртебе көретін қоғамды қалыптастырудамыз. Психологтар мұны бірнеше фактормен түсіндіреді. Біріншіден, өмір сүру құны қымбаттады. Үй алу, бала тәрбиелеу, білім беру – барлығы үлкен шығынды талап етеді. Сондықтан жастар алдымен жағдайын жасап алуды ойлайды.

Екіншіден, қоғамда жеке еркіндік құндылығы күшейді. Бұрын «ел не дейді?» деген ой көпшілікті тоқтата, бүгінгі буын үшін өз қалауы маңыздырақ. Олар үшін некеге тұру – міндет емес, таңдау.

Үшіншіден, ақпараттық қоғам адамның ойлау жүйесін өзгертті. Әлеуметтік желілерде мінсіз өмірдің көріністері жиі көрсетіледі. Көпшілік өз өмірін басқалармен салыстырып, «олі дайын емеспін» деген қорытындыға келеді. Нәтижесінде, отбасын құру кейінге шегеріле береді.

Кейінгі уақытта әлемде «single lifestyle» деп аталатын құбылыс кең тарауда. Яғни, адамдар әдейі жалғыз өмір сүруді таңдайды. Бұл тек жастар арасында емес, орта жастағы адамдар арасында да байқалады.

Әлеуметтанушылар мұны урбанизациямен байланыстырады. Қала өмірі адамның жеке өмірін бірінші орынға шығарады. Әркім өз мақсатымен жүреді, уақыттың көбі жұмысқа кетеді, ал қарым-қатынасқа уақыт табылмайды.

Тағы бір фактор – сенім дағдарысы. Кейбір жастар некені тұрақсыз институт деп қабылдай бастады. Ажырасу статистикасының жоғары болуы да осы ойды күшейтеді. Сондықтан жалғыз жүрген – жаза баспайды деген көзқарас қалыптасуда.

Бірақ бұл таңдау ұзақ мерзімде қоғамға әсер етпей қоймайды. Себебі отбасы – тек жеке өмірдің мәселесі емес, демография мен экономиканың да тірегі.

Неге біз баланс сақтауды ойламаймыз? Бүгінгі қоғамда сананы «мансап пен отбасы – бір-біріне кереғар ұғым» деген түсінік билеп тұр. Көп жастар кәсіби жетістікке жету үшін алдымен жеке өмірін кейінге ысыру керек деп ойлайды. Алайда сарапшылар бұл екі құндылықтың бірін таңдап, екіншісінен бас тарту міндетті емес екенін айтады. Керісінше, дұрыс жоспарланған өмірде мансап пен отбасы бір-бірі толықтырып, адамның ішкі тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Отбасы – адамға рухани тірек болса, табысты еңбек пен кәсіптің даму сол шаңырақтың берекесін арттыра түседі. Қазақ «бір қолымен бесік тербеткен, бір қолымен әлемді тербетеді» деп әйелді, ал «шанырақтың тірегі – ер» деп ер азаматтың жауапкершілігін бекер айтпаған. Өмірдің шынайы табысы тек қызметтегі жетістікпен ғана өлшенбейді, ол – жылы ұя, берік отбасы және өзінді түсінетін жандардың бар болуымен де бағаланады.

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ДЕ ДАБЫЛ ҚАҚТЫ

Жастардың отбасынан бас тартуы кейбір мемлекеттер үшін үлкен демографиялық мәселеге айналды. Еуропа елдері мен Азия осы бір жайт төңірегінде дабыл қағуда.

ЖАЛҒЫЗДЫҚҚА ҰМТЫЛМА, ЖАС ДОС!

Қазақта «Отан – отбасынан басталады» деген сөз бар. Шынында да, қоғамның беріктігі ең алдымен отбасының беріктігіне байланысты.

Жастардың мансапқа ұмтылуы, өзін дамытуы



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Мысалы Оңтүстік Кореядағы бала туу көрсеткіші әлем бойынша ең төмен деңгейде. 2023 жылы бір әйелдің өмір бойы орта есеппен дүниеге әкелетін бала саны 1-ге де жетпеген, небәрі 0,72. Бұл халық санын тұрақты ұстап тұру үшін қажет 2,1 деңгейінен бірнеше есе төмен. 2024 жылдан бастап көрсеткіш сәл өсіп, жағдай оңалған. Бірақ мәселе толық шешілмейінше, назардан тыс қалмауы керек.

Мамандар бұл жағдайдың бірнеше себебін атап көрсетеді. Мәселен, қымбат тұрғын үй, ұзақ жұмыс уақыты, бала тәрбиесінің шығыны, мансап пен отбасының үйлеспеуі.

Кореяда көптеген жас «үйленгеннен гөрі жалғыз жүрген оңай» деп санайды. Сондықтан мемлекет түрлі бағдарлама енгізіп, жас отбасыларға қаржылай көмек көрсетіп жатыр. Бірақ сарапшылардың айтуынша, тек ақша бұл мәселені толық шешпейді. Өйткені мәселе экономикалық қана емес, әлеуметтік құндылықтардың өзгеруінде.

– құптарлық іс. Бірақ өмірдің мәні тек жетістік пен атаққа ғана емес. Адам баласы әлеуметтік жаратылыс болғандықтан, жақындық пен жылылыққа мұқтаж.

Бүгінгі жалғыздықтың сөнге айналуы келешек үшін үлкен мәселе болуы мүмкін. Сондықтан отбасы құндылықтарын жаңаша түсіндіріп, жастарға оның маңызын жеткізу – тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Себебі жалғыз ағаш орман болмайды.

Нұршат НЫШАНОВА

ланушыларды экран алдында барынша ұзақ ұстау. Өйткені

мұнда өткізген әр секундтың өзін – олар үшін жарнамадан түсетін табыс. Егер сіз қандай да бір цифрлық өнім үшін ақша төлемесеңіз, онда сіз – өнімсіз. Психолог Александр Шайтанок «Reels» форматының адам санасына әсері туралы былай дейді: «Ашық түсті ойыншықты елестетіңіз. Ол балалардың көңілін өзіне аудара алады. Роликтер дәл осылай жұмыс істейді. Олар біздің назарымызды аударып, бізді роликте жүргендей үздіксіз мазмұн ағынының бойына тартады. «Reels» көруге жұмсалған уақыт күніне бірнеше минуттан бірнеше сағатқа созылады. 2020 жылғы зерттеуге сәйкес, жасөспірімдер күніне орта есеппен 2-3 сағатын әлеуметтік желіде бейне көруге жұмсайды».

Әрбір жаңа бейнеролик мидағы қуаныш гормоны – дофаминнің бөлінуіне әкеледі. Бұрын сайттарда келесі бетке өту үшін арнайы батырманы басу керек еді. Ол сәйкесінше миға уақытты бағамдауға сигнал береді. Қазір парақшадағы контент бітпейді. «TikTok» немесе «Instagram» жасанды интеллект алгоритмдері сіздің әрбір әрекетіңізді микросекундтарға дейін дәл есептейді. Қайсы видеоға неше секунд қарадыңыз? Қай суретке келгенде парақшаға кездірдіңіз? Достарыңызға не жібердіңіз? Осы деректер негізінде алгоритм сіздің назарыңызды аударатын контентті үздіксіз ұсына береді.

Әлеуметтік желіде кең етек алған бұл мәселе Мемлекет басшысын да алаңдатып отыр. 2026 жылдың басында Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбатында әлеуметтік желі тудырған ахуал туралы айтқан еді.

– Газеттер мен журналдар қайта өрлеу кезеңіне кадам басты, өйткені әлеуметтік желілер адамдардың ойлау қабілетіне үлкен зиян келтіріп жатыр. Қазірдің өзінде білім деңгейі мен дүниетанымы он бес жастағы жасөспірімдермен шамалас қырық жастағы адамдарды кездестіріп жүрміз.

Жасырмаймын, жастайымнан мерзімді басылымдарды оқуға әуес болдым, бұл әдетімнен бүгінге дейін айныған емеспін. Қазіргі жағдайда баспа БАҚ өз орнын іздеп, тауып отыр, шоу мен талдауға басымдық беріп, ағартушылық қызмет атқаруда. Кәсіби әрі адал журналистер дайындаған газет материалдары дәстүрлі құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады. Газеттерден мен Отанымыздың игілігі үшін қоғам өмірінің барлық саласында жемісті еңбек етіп жүрген лайықты жандар туралы жиі ақпарат аламын. Қазір кең танымал TikTok, Instagram, Telegram-арналар, келісерсіздер, еңбек адамдарының түпкі мүддесінен алысқа.

Қоғамымыз тек жаңалық сенсациялары мен бейне-көріністерді тамашалаумен шектелмей, мазмұнды ақпаратты қадірлейтін деңгейге жетсе деймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жастарды виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруге, өмірлік тығырыққа тірейтін жалған иллюзиялардан алыс болуға шақырады. Әлеуметтік желі – өздігінен жақсы немесе жаман құбылыс емес. Ол – заманауи құрал. Егер оны дұрыс, өлшеммен пайдалана білсек, ол білім алудың, кәсіпті дамытудың таптырмас көзіне айнала алады. Алайда оған шектеусіз жол берсек, ең қымбат байлық – уақытымызды ғана емес, ойлау қабілетіміз бен өмірдегі бақытымызды жалмап қоятын қауіпті құбыжыққа айналады. Сондықтан біз әлеуметтік желіге емес, желі бізге қызмет ететін көмекші екенін ұмытпайық!

Мейір ШИЕТ



УАҚЫТТЫ ҰРЛАЙДЫ, САНАНЫ УЛАЙДЫ



желілерді жасаушы корпорациялардың арнайы құрған технологиялық тузағы. Осы орайда «SOCIAL MEDIA AD AUDIENCES: TOTAL REPORTED» статистикасын атап өтпеске болмайды. Мұндағы дерекке сәйкес, әр платформада жарнама деңгейі аудиторияға сәйкес қамтылады. Оның ең жоғарғы сатысында 2,54 миллиард аудиториясы бар «Youtube» қосымшасы тұр. Бұл желінің контентті арнайы сіз үшін дайындайтынын

ен басты себебі. Сондықтан интернет қамтитын ақпарат біз үшін «шексіз» қызыққа толы болып көрінеді.

«Reels» санаға әсер ете ме?

Әлемдік тәжірибеде адамның психологиясы мен нейробиологиясын зерттеуге миллиардтаған доллар жұмсайды. Олардың басты мақсаты – желіні пайда-

Бақберген Сәрсенбайұлы:

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҚАТАР БЕРІЛГЕНДЕ ҒАНА ҚАУІПТІ ЖЕҢЕМІЗ



Басы 1-бетте



– Бақберген Сәрсенбайұлы, дін бағытындағы бүгінгі қауіп-қатерге тоқталып өтсеңіз. Діни білім алуға әркім әрқалай бағыт алып жүрген жайттар бар. Қай жерден қателестік?

– Дін саласы өте нәзік тақырыптарды қамтиды. Бұл бағыттағы мәселелердің басым көпшілігі – арнайы маманға жүгінбеуден болып жатыр. Мәселен, тісі ауырған адам ЛОР дәрігерге немесе травматологқа бармайды ғой. Ол саналы түрде тіс дәрігеріне қаралады. Дәл сол тәрізді әр саланың мәселесін сол бағытта жұмыс істейтін маман арқылы шешіледі. Ал дін тақырыбына келгенде осы заңдылық бұзыла береді. Жастардың көбі туындаған сауалдарына жауапты интернеттен, ашық дереккөзден іздейді. Ал интернетте қарап отырсаңыз, бәрі тұлға іспетті. Мәңір, төрт әйел алу тәрізді тақырыптарға қоғам болып, жабылып пікір білдіріп жатады. Арнайы діни сауаты жоқ адамдар белсеніп кірісіп кетеді. Біреуден естіп алғанын, өмірінде жаттап алған бір хадисті ауық-ауық айта беретіндер көп. «Дінді түлкіден үйренсең, тауық ұрлауды сауап деп білесің» деген бар. Бұл бағытта болып жатқан келеңсіздіктердің барлығының түбінде бір-ақ мәселе бар. Ол дін туралы арнайы теологтың өзінен сұрамағандан туындайды. Мұның салдары ауыр. Ең алдымен, ел бірлігіне сызат түсіреді. Бір имам, бір құбыла, бір Мекке, бір Құдай, бір ұлт. Біріктіретін нәрсе, міне – осы.

– Ел бірлігіне тікелей әсер ететіні анық. Бірақ оны арнайы мақсат еткендер білдірмей, жанама әсер арқылы ықпал ететін болар...

– Иә, олардың басты әдісі қазір ұлт пен дінді бір-біріне қарсы қоюда болып тұр. Сол ел бірлігіне сызат түсіруді мақсат еткендердің бірінші сұрағы «қазақтың ба, әлде мұсылманның ба?» деген сұрақ. Бұл – провакациялық сұрақ. Бір адам бір мезетте қазақ та, мұсылман да бола алады. Өйткені, бірі – ұлт, екіншісі – дін. Мұндай сұрақ болмайды. Адам қазақ бола тұра мұсылман бола алады. Олар біздің ұлттық құндылықтарымызды теріске шақырып, ұлтты діннен ажыратқысы келеді. Дін мен дәстүр – ықпалы заманнан бір-бірінен ажырамаған ұғым. Біздің қазақтың даналығы да сонда жатыр.

Діни ұйымдардың мақсатында екі-ақ нәрсе бар. Біріншісі – байлық, екіншісі – билік. Бұл – әлемдік деңгейдегі мәселе. Олардың құрамына еніп кеткендер ұлтты керек қылмай кетті. Бұл жердегі үлкен саясат – ұлтты жойып, өздерінің билігін орнату. Яғни, Ислам мемлекетін құру. Дәлірек айтсақ, ислам мемлекетін құрамын деп жүргендердің өзі оған іштей дайын емес.

Біз – зайырлы мемлекетіміз. Мәселен, ислам дініндегі жазаларды алып қарайық. Олардың көпшілігі қазақтың «Жеті жарғысында» да бар. Мен осы тақырыпты зерттеп қарағанда салт-дәстүрге қарай да бағыт бұрдым. Сонда біздің ата-бабамыздан мирас боп келе жатқан салт-дәстүр ислам дінімен біте қайнасып жатқанын байқадым. Оларды бір-бірінен ажыратуға мүлдем болмайды, олар бір-бірін толықтырады.

– Иә, түрлі амалға көшіп, ұлттық аспабымыз домбыраны харам дегендер де шықты ғой...

– Дінде музыка туралы нақты айтылмаған. Бірақ оны жат ағымның идеологтары діндегі қияс деген нәрсені жанамаалап алады. Бір үкімді жанамаалап алады. Құранда нақты музыка, домбыра деп нақты айтылмаған. Құранның өзі әуезді болып келеді. Пайғамбар дауысы керемет адамға сен оқы деп ұсыныс айтқан. Қара нәсілді Біләлді де азаншылыққа қойған емес пе?! Өйткені, оның дауысы керемет болған.

– Қалай қорғанамыз? Қауіптің бетін қайтару жолында не істемеу керек?

– Қазақ «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Біз қауіптің алдын алуымыз керек. Қазір Ата заңымызда да ел арасына ірікті салушыларға жаза қатан. Ал жеке адам ретінде қарсы тұру үшін бойымызда ұлттық иммунитет мықты болуы керек. Сонда ғана біз өзімізді нық көрсетеміз. Ұлттық иммунитетті балаға ең әуелі отбасы береді. Қазақтың өзіне ғана тән даналығы мұндай қауіпке қорғаныс. Біз осыны ұмытпауымыз керек.

сұрақтары пайда болады. Сол кезде смартфонды пайдаланып, сол сауалды ғаламтордан іздей салады.

Мен осы себептердің ішіндегі ең маңыздысы діни сауатсыздық екенін нықтап айтамын. Біз студенттермен, оқушылармен кездесу өткіземіз. Сол уақытта оларға «дәл қазір алаяқ көп қоғамда қаржылық сауаттылық керек пе? Иә, алаяқтарға алданып қалмас үшін бізге қаржылық сауаттылық керек. Дәл сол сияқты діни сауаттылық та керек» деп көп айтамын. Өйткені, жат ағымға еріп кетіп жатқандардың көбі – сауатсыз адамдар. Діни сауат ашып көрмегендер. Олар бір-екі жерден естіп алған бір ауыз мәліметі мен тақырыптарын алға тартады. Оның өзін толық білмейді.

– Сіздіңше, адамдардың барлығы діни білім алуы керек пе?

– Мен олар араб тілін меңгеріп, діни білім алып, барлығы молда болып кетсін деп отырғаным жоқ.

Осы кезде айтып кеткен жөн, мен кездесулерде «егер сұрақтар туындап жатса, бізге жолданыңдар, тіпті болмаса ата-анаңызға айтыңыз» деп жиі айтамын. Сондай бір кездесуде бір қыз бала «Мен ата-анаммен дін тақырыбында сөйлескім келеді. Бір-екі рет сұрап өдім, олар маған ұрысып тастады. Неге сұрай берсең деп жекіді» деді.

Енді ойланғаны, сол қыз ойындағы сауалына жауапты ата-анасынан ала алмады. Сол үшін интернеттен қарай салды. Ал интернетте фильтр жоқ. Не сұрайсың, соны табасың. Ол дұрыс бағыт па, әлде бұрыс бағыт па, барлығын алдына шығарып салады. Ал баланың діни

алмайды. Арнайы ғибадатханалар мен құлшылық орындарында ғана үгіт-насихат айта алады.

Мен кездесулерде осы заң туралы сұраймын. Көп адам білмей жатады. Міне, сол білмегеннің салдарынан олардың заң бұзып жүргенін аңғармайды.

– Қауіпті сөйлету бағытына қайта оралсақ. Нақты қадамдар бар ма?

– Біз енді онымен күресте ең бірінші қадам – ұлттық құндылықтарымызды насихаттауымыз қажет. Бұл мәселеге қарсы иммунитет қалыптастыруымыз керек. «Нұр-Мұбарак» университетінде оқып жүргенде ұстазымыз «адам тал сияқты. Ал оның ұлттық құндылықтары сол талдың тамыры іспеттес. Тамыры су алып, қоректенбесе, ол тал да тамырынан бастап қурайды» дейтін. Мен мұны неге айтып отырмын?! Діни ағымдардың тиісетін ең алдыңғы нысанасы – ұлттық құндылықтар. Олар осы құндылықтарымызды жоққа шығарғысы келеді. Неге екенін білесіз бе?! Өйткені, тамырынан шапсаңыз, талдың өзі қурайды. Ал адамды құндылығынан айырсаңыз, ол мәңгілікке айналады. Сол себепті, біздің ең үлкен күшіміз – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Жастардың санасына біз осы ұлы халқымыздың құндылығын сіңіруіміз керек. Біз солай ғана қарсы тұрамыз.

– Қазақ – ұлы халық. Оның әрбір құндылығында үлкен иммунитет бар. Солай емес пе?!

– Әрине, қазақ өзі баласын ұш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Ұят болады, обал болады және жаман болады. Бұл – қазақ халқының бала тәрбиесіндегі ең негізгі үш ұғымы. Бұл сөздер ұрпақты ар-ұятты биік ұстауға, жамандықтан аулақ болуға, әр нәрсенің (табиғат, адам, мал) қалірін білуге, ысырап жасамауға және мейірімділікке баулитын терең тәрбиелік мәні бар қағидалар. Әсіресе, біздің өңірде бұл үрдіс жақсы сақталған. Біз де осы тәрбиемен өстік. Кейінгі толқынды құндылықтарды сіңіре отырып, тәрбиеленгенде ғана біз олардың бойында ұлттық иммунитет қалыптастыра аламыз.

Бірым-түйімдерді білесіз ғой. Солардың әрқайсысында ата-анамызға неге деп сұрақ қойсақ, оларда бір-ақ жауап еді. Жаман болады деген. Кейін діни білім алдық, арабша оқыдық, сонда жаман боладының артында не тұр деп іздендік. Менің дипломдық жұмысым да осы тақырыпта болады. Сонда менің бір ұққаным, қазақтың ұлттық құндылығын

– Жат ағымда жүрген жандармен пікірлескенде үрей болды ма?

– Біз алдыңғы толқындағы білікті мамандардан тәжірибе алып, олардың өмір мектебінен дәріс алдық. Оның үстіне арнайы алған біліміміз бар. Мұның барлығын топтастырып, бір мақсатқа жұмсаған кезде көп қиындықты жеңуге болады. Әрине, дін – өте терең тақырыптардың бірі. Сондықтан оқыған білімімізнен атқа жайдақ мініп алып, шаба беруге де болмайды. Алған біліміміз сол жүз пайыздың тек бір пайызына ғана жетуі мүмкін. Сол себепті, токмейілсуге болмайды. Бірақ сол алған білімді тәжірибе жүзінде іске асырып, жылдар бойы арттыра түссен.

Олармен әр түрлі жағдайда сөйлесеміз. Бірде бетпе-бет, тағы бірде жазасын өтеушілермен жиындарда кездесеміз. Мысалы, «Жусан» операциясына қатысып, кейін ақылға келіп, дұрыс шешім жасап, тура жолға түсіп жатқан азаматтар бар. Біз олармен де кездестік.

Әрине, әдепкіде қорқыныш болғаны жасырын емес. Батыр Бауыржан атамның «Батырлық – мүлдем қорықпау емес, қорқынышты жеңу» деген сөзі бар. Тәжірибе жүзінде олардың алдау жолдарын меңгеріп, оған қарсы тұратын болдық. Бастысы, мен тағы да айтамын, жастар діни білімді арнайы білім алған тұлғалардан ғана алуы керек. Интернет пайдаланып, көкейдегі сауалыма жауап алдым деу дұрыс емес. Егер адалсың десеніз, дін саласының мамандарына жүгінген жөн. Біз қоғам осыны дағдыға айналдыруымыз керек.

– Қазіргі тенденция қандай? Тоқталып өтсеңіз...

– Кез келген саналы адам дін тақырыбын айналып өтпейді. Қазіргі таңда діни жамағаттың жасаруы деген тенденция жүруде. Діни тақырыпты ізденіп, діни сұрақ қойып жүргендердің көпшілігі жастар қатарына жатады. Олардың ойлау деңгейі де, дінге көзқарасы да басқаша. Олар діни ақпарат алғысы келіп тұрады. Жастардың діни көзқарасы артқан сайын біздің жұмысымыз да белсенді болуы керек.

– Ендігі мәселе, жат ағымдағылардың алдыңғы нысанасы кімдер? Олар мақсатқа жетуде әлбетте өзгелерді қолданады...

– Ең бірінші мәселелердің бірі – әлеуметтік қамтылу жағы. Оған қоса, жастардың діни көзқарасы қалыптасып, жан-жақтан ақпарат іздеуіне толық емес отбасы да әсер етеді. Отбасындағы дау-жанжалдар да бала психологиясына ықпал етіп, ізінше біздің тақырыптағы мәселелерге душар болуы мүмкін.

Бала кішкентайынан ұрыс-керіс, дау-жанжалдың ортасында өссе, өсе келе ол рухани орта іздейді. Рухани ашығады десек те болады. Осы кезде діни

сауаты болмаған соң, ол қателесуі де мүмкін. Міне, қауіп осылай басталады. Дәл осындай оқиғалардың соңы өкінішті жағдайларға әкеп соғып жатқаны да жасырын емес.

– Әрине, мәселе өте өзекті.

Ең жақыны – ата-анасынан жауап таппаған бала интернеттен немесе көлденең келген көк аттыдан жауап алып, бұрыс бағытқа кетіп қалуы әбден мүмкін. Сондай кезде қоғамның, біздің міндетіміз – оның алдынан шығып, алдан-арбайтын жат ағымнан қорғау, олардың жолына кедергі болу. Енді осы қауіпті қалай сөйлетеміз?

– Біз – зайырлы, демократиялы мемлекетіміз. Кім қандай дін ұстанса да өзі біледі деген тәрізді ұғымдар бар. Кезінде етек-жеңімізді енді жинап, ел болып қалыптасып жатқан уақытта дін саласында да нақты жүйе болмаған еді. Сол уақытта ашық түрде үгіт-насихат жүргізді. Бұл енді 2010 жылдарға дейінгі жағдай. Кейін діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң енгізілді. Бұл заң бойынша елімізде біраз кісі жауапқа тартылды. Тіпті олардың арасында қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар болды. Әкімшілік айыппұл салынғандар да болды. Міне, осы кезде біраз тоқтам болғанын айта кету керек. Тоқтағанымен, бұл нәрсе толығымен жоқ болып кеткен жоқ. Бұрын ел аралап жасалатын үгіт-насихат енді интернетке көшті. Цифрлық дамуға елмен бірге олар да бет алды.

– Заң үстемдігі қазір де бар. Енді олардың әдісі ғаламторға ауысты дедіңіз. Оған да тоқтам бар шығар...

– Заң бойынша миссионерлікпен кез келген адам айналыса алмайды. Арнайы адамдар бар. Дипломы бар, оқыған, білімі бар адамдар айналысады. Онда да олар кез келген жерде үгіт-насихат жүргізе

дәріптегеніңіз – дінді дәріптегеніңіз. Бұл екеуін бөліп қарауға болмайтынын тағы да айтамын. Бұл екеуі бір-бірін толықтырып тұр. Жоғарыда біз айттып өткен «қазақтың ба, мұсылманның ба?» деп сұрақ қоятындыр алдымен осыны түсініп алыңыз. Ислам ешқашан ұлтқа бөлінбеген.

Дінде тағдырға иман келтіру деген бар. Егер біз тағдырға иман келтірсеқ, қазақ екенімізбен де мақтануымыз керек. Ұлттан да, отбасын да таңдау бұйырмаған пендеге. Біз екеуіміз осы кезде қытайша сөйлесіп отыруымыз мүмкін еді. Бірақ біз Құдайдың қалауымен екеуіміз де қазақ болып туып, қазақша сөйлесіп отырмыз.

– Салиқалы сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН



Редакциямызға тұрақты хабарласатын ұстаздар қауымы жетерлік. Бұл жолы белгілі ғалым Мұрат Насимов ағамыздан хат келді. «Бұлақ көріп, көзін ашатын» ұстаз балағының биті бар шәкірт көрсе, жазбай танып, қолдап, демеп, редакциялармен байланыстырып жүреді. Бұл жолы ұстаздың көзіне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті Ералы Жалғасбай түскен екен.

Ералы – қаламының желі бар жас. Ол прозаға да, поэзияға да бірдей қалам тартады. Қазір мұндай қабілеттегі қаламгерді сирек кезіктіресіз. Ал Ералының өзгелерден шоқтығын биік етіп тұрған да осы қасиеті. Ендеше, шәкірт шығармашылығын назарларыңызға ұсынамыз.



Елігім еркем

Басы 1-бетте

– Иә, мен де тапсырғалы келдім, – деп қызарып қана қоя бердім.

Арада біраз үнсіздік. Ол да менің қысылып отырғанымды сезгендей, өзі әңгіме бастады.

– Айтпақшы, есіміңді сұрамаппын, есімің кім болады? – деген нәзік дауысымен сыңғырлап қоя берді. Мен абдырап, қобалжыған күйде:

– Ернар, – деп әңгімені өрбітудің орнына, осылай жылы жауып қоя салдым.

– Менікің ше? – деп қалды сұраулы жүзбен жанарын төмен салып.

Мен де ұялғанымнан «Не, менікің ше?» дерім барма?!

– Менікің сұрамаймысың?!

– Айып етпессің, есімнен шығып кетіпті. Ал есімің кім екен? – дедім оған тез бауыр басқандай түрмен.

– Есімім – Еркежан, бірақ мені үйдегілер «елігім еркем» деп атайды.

– Елігім еркем?! Қызык екен, бұлай да еркелетуге болады екен-ау, – деп таңырқаған, сәл ғашық болған түрмен қарап қоямын, елігім еркеме. Онымен отырған жарты сағатым, жарты ғасырдай сезілді маған. Таныса келе Оралдың аруы екенін білдім. Осылай бір айға жуық уақыт өтті. Мен аяқ асты басқа университетке тапсыруыма тура келді. Неге сол жерде телефон нөмірін алып қалмадым екен деген өкінішті ой келді.

Болды, бітті! Енді ол қызды қайдан табамын, кімнен сұраймын, қалай іздеймін?! Оқу бітіремін дегенше тек сол қызды ойлаумен жүрдім. Айналам толған қыз, бірақ Елігімнің орнын баса алмайтын. Міне, дем арасында төрт рет жаз бен қыс өтті. Мен бірақ әлгі қызды ойымнан бір сәт ұмыт қалдырған емеспін. Мен оны қатты жақсы көрдім, бірақ сырттай ғана. Бәлкім оны шынымен іздегенімде осы кезде бақытты болар ма едік?! Жоқ, менің ынжықтығым түбіме жетті деп ойладым.

Жаз... Аптап ыстық болмаса да адам мазасы кашатындай ыстық. Мен Алматыға арман қуып баруға дайындалып жатырмын. Мені аудандық вокзалға дейін ауылда бір-екі үй әрі тұратын Әшөк аға апаратын еді. Сол кісіні есік алдында тағатсыздана күтіп отырмын. Әйтеуір гүрілдеп көліктің дауысы шықты. Шүкір, келді-ау, ауылда мәңгі қалып кетердей күттім-ау, Әшөк ағамды. Әкем «Ал, жолың болсын» деп бір ауыз сөзбен қайырып анадай жерде тесіліп қарап қояды. Оой, бәріміздің анамыз бірдей ғой шіркін! Сол баяғы алаңда, сол баяғы бізге деген уайымы. Міне үйдегілермен қоштасып, ақырын жүріп барамыз. Анамның «балам, байқап жүр, Алматы – үлкен қала» деген дауысы әлсін-әлсін шығып қояды. Міне вокзалға да келдім. Әшөк ағам да мені уайымдағандай, «інім, ақша керек болса хабарласып тұр» деп қалтасынан 2-3 күнге жететін ақша ұсынды. Мен «жоқ аға, рақмет» деп өтірік ұялған кейіп танытып қоямын. Бірақ іштей бәрібір ол ақшаны алатынымды біліп тұрдым. «Қой, керек емес деген болмайды, міне ал» деп төс қалтама ақшаны салып қойды. Мен де іштей мәзбін. «Рақмет аға, тойыңызда қайтсын» деп жылы-жылы сөздерімді білдірдім.

Пойыз жүргелі тұр, Әшөк ағам көңілі бос адам еді, көзінен жас тамшылап қоя берді. Пойыз іші ыстық, әйтеуір терезе ашық екен, баяу ғана самал жел соғып тұр. Енді ғана жайғасып болып отырмын. Бұрылып қарағанымда бір таныс бейне жанымнан өткендей кейіпте болдым. Жүрегім дүрсілдеп, сол жерде маңдайымнан еріксіз мұздай тер ақты. Орнымнан ақырын тұрып әлгі қыздың артынан жүріп отырдым. «Шынында, бұл сол ма екен. Бірақ ол болмаса неге мен біртүрлі күйге ендім екен» деп өзіме сауал қоя бастадым. Жүрек сол

екеніне сенімді, бірақ санамда «ол енді қайта жолықпайды» деген сөз қалыптасып қалған. Өз-өзімді жеңіп, қасына жайғаса қалдым. Бұл кездесудің біріншісінен ерекшелігі енді ол емес, мен оның қасына барып отырдым. Ішім алай-дүлей, қазір мені кінәласа не айтамын, осы уақытқа дейін неге іздемедің десе ше деген сұрақтар маза бермей барады. Мені көре сала «ой, привет... как дела?» деп сұрақ қойды. Менің орысша сөйлеу екпінім жетісіп тұрған жоқ. Қазақша жауап қатсам да болар еді, «нормально, өзін қалайсың» дерім барма, қазақша-орысшалы сапырып.

– Сен сұрағалы жақсы, – деді көзі мөлдіреп.

Енді бәрі жақсы болып, қайта қауыштым-ау деп іштей қуанып қоя бердім. Бірақ қуанышым көпке созылмай, қасымызға денеліше келген бір жігіт жайғасты. Менен бірер сәт көзін алмай қарады да:

– Иә, бұл қай бала? – деді жақтырмаған түрімен маған қарап.

– Танысып қой, менің группаласым ғой, – деді Еркежан әлгі жігітке жымия қарап.

– Еее, группаласым де, – деді ол әңгімесін қысқа қайырып.

Мен отырмын, бүлдіріп қойған баладай, көзім торсынып.

– Ал, мен тұрайын, ас болсын! – деп орынымнан тұрып, өз орныма ақырын, үнсіз жүріп келем. Керуегіме жәй барып отыра қалдым. Еее өмір десеіші. Расында, бұл өмір шын ғашықтарды қоспайды екен-ау деп үнсіз терезеге телміре қарап біраз отырдым.

Әңгімеміз таяған еді мәресіне,

Сол бір кез мына менің әлі есімде.

Соңғы рет көреміні деп ойламаппын,
Түсіп отыр, міне, бүгін бәрі есіме, –
деп парак бетіне түсіріп, сәл де

болсын өкінішімді сейілткендей болдым. Осылай менің ұзақ уақыт ұйқыға кеткен сезіммен мен де жарыса ұйықтап кеттім.

Осылайша, махаббат менің жүрегімде үнсіз гана тамыр жайды. Ол даңқ пен дабырды емес, сабыр мен сенімді таңдады. Сүйген жанның бір ғана күлкісі бүкіл әлемді жарық қылып жіберетінін сонда түсіндім. Махаббат – қол жетпес арман емес, жүректе сақтай білген қасиетті сезім екен...

Өзіме сауал

Не істедім мен осы жасқа дейін?
Не істеуім керек осы жастан кейін?
Біреудің ала жібін аттамадым,
Болып келем жауға қатал, досқа бейім.
Осы маған әке-шешем разы ма?
Ауыр сөйлеп ғайбат айттым біразына,
Ренжіткенім қаншама мен білмейтін,
Сонда менің күнәмнің бұл азы ма?!
Мен кім едім анамды ренжітетін,
Әлсіздерді мазақ қып кемсітетін.
Қазір шүкір, түсіндім, дұрысталдым,
Дұрысталар жолыма дұрыс бардым.
Мені қойшы мен өзім дұрысталам,
Ал қазіргі жастарды дұрыстар кім?!
Жоқ, бізге қарап өседі десең қателестің,
Кешірмейді бұл өмірде катені ешкім.
Кешіретін мүмкіндігім болса егер,
Қолымды бір сілтеп кешіремін,
Себебі мен де қателестім!

Көңіл

Бір ауыз сөз көңілді қалдыратын,
Жүрекке ауыр жара салдыратын.
Сөзтерде дәл қазіргі мына мені,
Сокқы емес, сөз ғой естен тандыратын.

Шаршауға да болмайды бұл өмірден,
Әркімге ылғи ренжіп жүремін мен.
Өтеді мына өмірде бақытты боп,
Бұл фәниді жақсы қылып сүре білген.

Ренжуге де болмайды ата-анаға,
Ренжулі бала мұнан бата ала ма?
Болмайтын нәрселерге окпелесең,
Ана байғұс тыпыршып жата ала ма?

Болады басқаларды түсінуге,
Бірде-бірде көңілім үзілуде.
Ой, шіркін, неге осы асығамыз?!
Жабырқатып, көңілді түсіруге.

Жатақхана

Қызығы таусылмайтын жатақхана,
Ауылымдай емес екен, «шатақ қала».
Біреулер емтиханмен арпалысып,
Ал біреу қайтамын деп осы аптада.



Қарының аш, көңіл тоқ деп жүретұғын,
Студенттік келте өмірді сүретұғын.
Ұнайды маған осы жатақхана,
Уайымы жоқ адамдай күлетұғын.

Ас бөлмеден қатығымды кім алды деп,
Кінәсіздер қатық үшін сұралды кеп.
Түр бермей, қатыққа тыңқып ап,
Осылай жүрген бізге ұнамды еді.

Кейде қонып, кейде қонбай жүретінбіз,
Қалай тоқ боп жүруді де білетінбіз.
Пансионатта біреу бар мен ұнатар,
Бір қарасам жымиып күлетін қыз.

Қасиет

Талаптыға үлкен арман қосылады,
Талапты адам мақсатына асығады.
Талапсыз жан тілімен тау қопарса,
Талаптылар армандарын жасырады.

Сайтан құрғыр сабырсызды ұнатады,
Бұл өмір сабырлыны шыдатады.
Сабырлыны бірнеше рет сүріндірсе,
Сабырсызды мәңгілікке құлатады.

Тәрбие – тал бесіктен басталады,
«Тәйт» деп қою керек бір жас баланы.
Ешқашан бұзылмасын біз үшін де,
Әке менен шешеміздің қас қабағы.

Адамның міндегі бұл – ізеттілік,
Бойындағы бар жақсыны ізет қылып.
Жақсылыққа ұмтылып жүрейікші,
Сол бір жаман істерді түзеп тұрып.

Әкеме

Асқар таумен тең тірескен әкем менің,
Кей кезде ашуынды көтермедім.

Баласындай жұрттың байлық сұрамаймын,
Маған жетер мойынында көтергенім.

Жасалсын сый мен құрмет әкелерге,
Жақсылығын аямаған әкем елге.
Бетін қақпай өсірдің бес ұлыңның,
Сен тұлғасың, тұратын әке деуге.

«Аман ба екен осы менің әлгі балам!?!»
– деген кезде әкеме тәңгі болам.
«Әке» деген ардақты асыл сөзді,
Қалай түсінеді екен осы ғалам?!

Әкеңнің қаталдығы ұнатқаны,
Біз үшін ол береді шыдап тағы.
Әке, сен маған айтып жүрген өмір,
Қасыма қиындық боп тұрақтады.

Жеңгелерім

Анамдай болған маған жеңгелерім,
Таппаймын-ау, өздеріңе тең келерім.
Орындарың ошақтың қасы болса,
Сіздер барда орыным төрде менің.

Мейірімді жан кім десе жеңге дер ем,
Кеше бала ем кіп-кіттай жеңгелеген.
Көңіліңе дақ түсірсең менен сұра,
Көңілің қалай аулауды зерделегем.

Біз жакта «жеңге» емес жеңше дейді,
Әрбір ене құтты келіп келсе дейді.
Тәрбиесі тал бойында тұрса болды,
Келіндерін тірлікпен еш өлшемейді.

Арналады бұл шумақтар жеңгелерге,
Сыйлайықшы жеңгені сен де, мен де.
Алтыннан асхана сап бермесек те,
Бір қуантып жүрейік кем дегенде.

Қара өлеңнің қан тамыры...

Қарасазда туылған қара құлын,
Менің саған тартса екен даралығым.
Алтайменен Атырау арасында,
Мәңгілік қазына боп қалады үнің.

Мұқағали – қара өлеңнің қан тамыры,
Жырлары жүйрік жетпес Хан тәңірі.
Өзі тастап кеткенімен бұл өмірді,
Мұра болып қалған оның бар тәлімі.

Мұқағали – жүрек сөзін жасырмаған,
Өлеңдерін бір оқып тасып алам.
Мұндай ақын көп емес адамзатта,
Бір ғасырда бір туатын асыл адам.

Жасымнан көп оқыдым бұл ақынды,
Осы ақыннан үйрендім ұнатуды.
Ой шіркін біледі ғой Мұқағали,
Өлеңімен күлдіріп те, жылатуды,

Тірісінде бағаланбай кетті-ау жарық,
Қанша қиын қыстау мен көрді-ау тарық.
Көзі барда көргенімен көп тауқымет,
Кеткеннен соң қошметке болды-ау қарық.

Уақыт шіркін тоқтамас, тозбас атың,
Кезінде жұрт, көңіліңе мұз басатын.
Ақынның шын ақыны шығатұғын,
Сен жырмен қалап кеткен құзда сатың.

Жыр бесікке бөленіп бірге айналам,
Сен жұлдызсың, мен енді күнге айналам.
Сәби болғым келеді деуші едің ғой,
Бесік жырын айтып тұр тынбай ғалам.

Әлди Мұқа жер бесік мәңгі мекен,
Мен шығармын сен айтқан әлгі бөпен.
Шейін поэзия көусарынан,
Тым болмаса бір тамшы қалды ма екен?!

Ералы ЖАЛҒАСБАЙ,

Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті



БІР ҮЗІК ОИЛАР...

«Универсам» маңында қайыр тілеген келімсектерді көп кезіктіреміз. Студент жастардың көп жүретін жері ғой. Үнемі бір әйелді байқаймын. Өзі картонның, баласы қалың көпшіктің үстінде отырады. Денсаулығына алаңдайтынмын. Кейде ана мен бала тақырыбы қозғалса, сол әйел еске түседі. Бүгін тағы өттім әлгі тұстан. Кісі аяғы арылмайтын жер ғой, жұрт өтіп барады. Бірақ әлгі әйелдің орны бос тұр...



Мен оны баласының денсаулығына қарап, қолынан бар келгенін жасайтыны үшін құрметтейтінмін. Иә, өткен сайын бақыр тиындардың бірнешеуін тастап кететінмін.

Махаббат әлі студент. Медбике мамандығында оқиды. Тәжірибеден өтуге елорданың ең мықты ауруханасына келген.



Бір досым бар еді. Оны әкесін қарттар үйіне өткізгелі сыйламайтын болдым. Бетпе-бет келсем, қарттар үйінде жүдіреген жанарымен терезеге үйілген әкесінің бейнесін көремін. Көз алдымнан кеткен емес. Тіпті өмірінің соңғы сәттерін ағайынның ортасында өткізгісі келген оны баласы емес, туыстары алып кетті. Туған баласынан тіпті бір ұс қызық та бұйырмады. Қызықтым. Солай... Тағдыр әділетсіз деп жатамыз, бірақ соны жасайтын да өзіміз.

Аялдамада баласы мен анасы ұрсып тұр. Анасы ақыл айтады. Бала болса, сауық кешіне бармағаны үшін ашулы. Түкке тұрмайтын дүние ғой. Солай емес пе?! Сондайда аузынан түтін будақтап, қолына шоқты шылымын қысқан адам – осы баланың әкесі. Баласы мен жарына тіпті де көңіл аудармайды. Соңғы автобусты күтіп тұр. Ақырын аяндап, баланың қасына бардым.

– Сенікі дұрыс емес.
– Сен кімсің маған ақыл айтатын?
– ...
Сәл үнсіздіктен соң иығына қолымды қойып тұрып:

– Сен өзің ойлап қарашы, – дедім. – Сауық кешінің қызығы бір-екі күн айтылар, қалар. Бірақ, анаңның тілін алмағаның өзіңе мәңгілік таңба болып қалады. Жүрек түкпірінде жазылмас жара пайда болады. Сен қанша тырыссаң да оны жазу қолыңнан келмейді.

Бала үнсіз қалды. Әкесінің аузы ішімдіктен құрғамайтын. Анасы мектепте – техникалық қызметкер. Былайша айтқанда, еден жуады. Жол түсіп, үйіне соға қалсаң, қара су мен қара наннан өзге дастарқанға қояры жоқ. Әлгі әйел бірақ үнемі күліп жүреді. Мен соған таңғаламын.

Арада бір апта өткенде сол үйдің баласы менен кешірім өтінді. Ал мен анасынан кешірім сұрау керетін айттым. Ол үнсіз. Жанарынан жас тамып тұрып, анасынан айырылып қалғанын айтты. Ойланп қалдым.

Әкеден ерте қалған соң ба өмірімдегі барым да, нарым да анам деген көзқарасты қобіне алға қоямын. Ал ананың балаға деген сезімі ерекше екеніне ешкім күмән келтірмес.

Анасының жүрегіне ота жасады. Дәрігерлер ота бөлмесінен анасын реанимацияға шығарғанда кеудесіндегі қан ізін өзі сүрткен еді. Анасының кеудесіне көзінің жасы да тамды. Ол тұрмысқа шығарла жігіт ұсыныс айтты.

– Мен өзіме жар іздемеймін. Анама келін іздеймін. Жақсы келін бола алсаң, жақсы жар болғаның, – деді.

– Мен ананың қадірін білемін, – деді Махаббат. Қыздың жанарынан бір тамшы жас сырғып барады...

Балалар үйінде тәрбиеленген Әсет деген досым бар. Ата-анасын қанша іздесе де, таба алмаған... Сонан соң Қарағандыдағы милиция мектебінде оқыды. Білім алды. Қазір беделді қызметкер. Осыдан біраз уақыт бұрын кездейсоқ жолығып қалдық. Шайханада отырып ата-анасын тапқанын айтты. Олар жайлы айтқан сайын жүзі жайнап сала берді.

– Мен оларды тауып алдым. Сенесің бе, милиция мектебінде жай әншейін оқымаппын, – деді жүзі бал-бұл жайнаған ол.

Бірақ ата-анасы көше кезген қаңғыбас екен. Олармен алысып жүріп, тіпті ішімдікті де тастапты. Қолына алып, үйіне тұрақтатқан. Келіншегі екеуі аларды қалыпты өмірге дағдыландырған.

Осыны естігенде әкесін қарттар үйіне өткізіп жіберген досымның өзін ақтағаны есіме түсті. «Келіншегім екеуі сөзге келіп қала берді, сосын жасы келген кісі, алғаным қаланың қызы ғой» деген еді. Әсеттің өмірлік жарына риза болдым.

Автовокзал аумағында жеңіл жүрісті әйелдер көп жүретін. Келімді-кетімді кісілер сол аумақта олардың қызметін тұтынады. Солардың ішінде дүкенші келіншекті танимын. Күнүзак баласын аулада қыдыртып жүріп, кешкілік жұмысқа кіріседі. Аты – дүкенші, заты – ...

– Балаң кішкентай. Қазір сенің жұмысың туралы білмейді. Ертең ер жеткенде осындай лас жолмен ақша тауып, асырағаныңды білсе, рақмет айтар деп ойлайсың ба? – деймін қызылшып.

– Балам ауру екенін білесің. Қазір оған көмек көрсетпесем, ауруын асқындырып одан айырылып қаламын. Оған көмектесе алмай өзімді өзім жек

көргеннен дені сау болып ер жетіп, балам мені жек көрсін, – деді көзінің жасын сығып.

Айтарға сөз таппадым.

Жақын досым қарт анасын ауылына жалғыз қалдырып, өмірлік жарым деп бір шүйкебақтың соңынан кетті. Ана байғұс бақыт тілеп қала берді. Бір кездері дәл осындай жағдай жақын бауырымын да басында болған.

Сұрай қалсаң, «Анаммен басы піспеді, енді қайтем?» деген бір-ақ жауап. Тіпті «баласы керек болса келеді де» дейді.

Жүрегің тілініп кетердей. Бірақ тағдыр деп тағы айналып өтеміз. Алайда сол тағдырды жасайтын өзіміз екенін тағы ұмытпаңыз.

Наурыз айы келсе де, қыстың ызғары әлі кете қоймады. Шылымымды тістеген күйі алысқа көз тастадым. Қасымдағы орындықта әкелі-балалы екеу отыр. Бұл жолы әлгі әйел жоқ.

Мұндай оқиғалар жетерлік. Гүлсім апаның жайырақат кетіп бара жатқанын көрмеймін. Қай кезде көрсең де, аһылап-үһілеп бара жатады. Бетіндегі қан тамырлары көрініп, қан қысымы 250-260-ты көрсетіп тұрады.

– Ана, дәрігерге барсаңызшы, – деймін. Ал ол: – Порталды күтіп жүрмін, бұйыртыса барамын, – дейді.

Бірақ солай жүргеніне он жылдан асты.

Гүлсім ана үйіне барса, аузынан ақ көбік ағып, құтырған бұрадай аһ ұрған маскүнем күйеуі күтіп алады. Бұл кісінің сабырлығына тәнтімін. Қыздарды оқытты-тоқытты, тұрмысқа берді. Үлкен ұлды үйлендірген, бірақ ол қарашаныраққа келіп тұрмайтынын айтқан. Ал кіші ұлды үйлендіргісі келеді, бірақ ол да қарашаныраққа келіп тұрмайтынын айтқан. Балаларының бір ғана уәжі бар: ол – «әкем арақты қойса екен» дегені...

Қатты ойланп кетіпін. Соңғы автобус келді. Қарттар үйінің аялдамасына тоқтағаны сол еді, ішінен таяғына сүйенген қарт аналар мен ақсақалдар түсті. Зейнетақы берер уақыт келген екен ғой дедім ішімнен. Өздерін осында өткізіп кеткен балалары мен немерелеріне ақшасын беріп келе жатқанын бірден ұғасың. Сонда деймін-ау, тым құрыса осында көліктерімен жеткізіп тастауға да құлықсыз болғаны ма?!

Телефон шыр етті. Анам екен.
– Балам, қашан келесің? Кешкі асқа үлгересің бе?
– Иә, ана, қазір жетемін.
Ата-ананы қадірлейікші.

Аян СПАНДИЯР

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА: ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰДЫРЕТІ ДЕГЕН ОСЫ ШЫҒАР...

Әр істі «бісімілсіз» бастамайтын қазақтың тұмысынан ислам дінімен тамыры біте қайнасқан тәрізді. Дәстүрі мен діні бір-бірімен үндестік тауып жатады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп жырлаған Абай да, «Дін – ғылымның атасы» деген Мұқағали да әрбір сөздің байыбына барып, түп төркініне бойлай алды емес пе?! Бәлкім, келісерсіз, бәлкім келіспессіз, бірақ өмірден алынған бірнеше мысал сөзімізге тұздық болсын.

«Офицердің құжаты алдыма ұшып келді»...

Ертеректе майдангердің ұлымен сапарлас болып, біршама тілдесіп қалғанбыз. Әңгіме арасында имандылық жайлы, сабыр туралы жиі қозғалды. Өзін білім саласының өкілі екенін айтқан кейіпкеріміз майдангер жайлы көп естеліктерін айтқан еді...



«Атам бес уақыт намазын қаза қылмайтын жан еді... Майдан даласында оқоптың жоғарғы тұсын басың сиятындай етіп, оясың да, соған басыңды сауғалайтын кез болады. Бірде орыстың офицері өзі таса оюға ерініп, атамның орнын тартып алады ғой. Атам қарсыласқанмен ештеңе шықпайды, офицер тапаншасын кезепті. Амалсыз орнын беріп, жаңа орын жасап алмаққа шегінген сәтінде өзінің бұрынғы орнына снаряд түсіп, әлгі офицердің әскері билеті атамның тілеуі қабыл болған екен. Тағы бірде жау әскерімен бетпе-бет келіп, қойын-қолтық шайқасқа түскенде атамның қарсыласы өзінен 2-3 есе келетін үлкен адам болыпты. Адам өзінің шама-шарқы мен қауқарын біледі ғой, атам сол сәтте кейін шегіне беріпті, шегіне беріпті. Бір кезде үлкен құдыққа топ етіп түсіп кетеді. Ал біршама уақыттан соң есін жинап, құдықтан шықса, біздің әскер тып-типыл болыпты. Әр дұғасында елдің амандығын, бейбіт өмірді сұраған атамның тілеуі қабыл болды, елге аман-есен жетті. Бірақ, оның бес уақыт оқыған намазы қай кезде де қорған болып жүретініне көзіміз жеткен», – деді кейіпкеріміз.

«Қаншалықты берсең, соншалықты аласың...»

Көлік базардың іші ығы-жығы, кісі қарасы қалың. Қасымдағы жігіт көне көлігін сатуға шығарыпты. Мақсаты – жаңасын алу. Талай тақырыпты қаузадық. Соның бірін айтайын.

«Көп жыл бұрын бір машина сатып едім. Алушының аурушаң баласы бар екен. Туабітті ме деп пайымдадым. Менің көлігімді алуға несие алыпты. Ал көлік іздеп табамын дегенше, несиең алғашқы төлем күні де кеп қапты. Әрі-бері ойланп, менімен

келіскен бағаның біршама бөлігін несиесіне төлеген. Одан мұны алғаннан кейін құжатын да заңдастыру ақша ғой деп күмілжіп қалды. Көп ойланбадым, дереу онлайн рәсімдеп, құжатының барлығын өзін реттедім және алғашқы төлем жасаған қаржыны да қарыз деп есептемедім. Қайтарамын деген сөзіне әлгі ініме дәрі-дәрмекке жұмсаңыз деп, тақырыпты жаптым. Арада біршама уақыт өтті, әлгі қаражат керегіме жарап, шағын кәсіп аштым, оны әрі қарай дөңгелетіп, берекесін көрудемін. Міне, қолындағы барды қаншалықты бөлесең, мұқтаждарға қаншалықты көмектесең, қаншалықты садақа берсең, соншалықты несиең де артады», – деді көлік сатушы.

«Қарызды кешірдім де, табысқа кенелдім»

Қазақта «Иткөбісүйек қарыз» деген сөз бар. Айналасындағылардан қарызды көп алып, алған қарыздың қарызбен жауып жүретін жандар болады. Сондайда бір досымның «Әйіңде жоқ ақшаны жұмсама» деген сөзі ойыма оралады. Қош, айтамын бұл емес. Тағы бір кейіпкеріміздің басынан өткен жайға куә болдық.



«Рамазан айы болатын. Қарыз сұрағыш танысым шиеттей балашағамның аузынан жырып, үй саламындағен ақшамның көп бөлігін сұрап алған. Бірақ кейін білдім, ол құмар ойынына салып жіберіпті. Рамазан айының жұмасында әлгі танысыма хабарласып, қарызым кешіргенімді айттым. Сол сәттегі өзімнің қаншалықты жеңілдегенімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ал арада апта өтпей жатып, келесі жұмада қызметте көтерілу, жалақымның жоғарылауы және отбасымда жағымды жаңалықтар болды. Иә, кешірімді болғанның жолы болады екен», – дейді ол.

Бұл жағдайдың бәрі өмірде болған. Кейде адамдық қасиеттен алыстап, кешірімге, сауапқа мән бере бермейміз. Жоғарыда жазылған мысалдар бәлкім, сізге пайдасын тигізіп қалар. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абайдың жүрегіне бүкіл әлем сыйып еді, ал бүгінде Абай бүкіл әлемнің жүрегінде. Адам баласының жүрегі бір өлшемде еді ғой...

Нұр ТӨРЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХТЫҢ ӨШПЕС ТАҢБАСЫ

Тәуелсіздік – ұлы арман, киелі, Азаттықтың тербетеді күй елі. Қазақ жері – еркіндіктің бесігі, Атар таңның шұғылалы жиегі.

Көк туым тұр көк аспанда желбіреп, Көзім тояр, жүрегім шын елжіреп. Әнұраным дастан болып шырқалды, Жас ұрпағың шындығында ер жүрек.

Желтоқсанның ұмытпастан азабын, Таусылмайды менің-дағы жазарым. Ел билеуге Қолбин емес Қонаев Келсін деген ұран айтты қазағым.

Естен кетпес сол заманның жарлығы, Кеудесінде сайрап тұрған арлы үні. Қанның иісі ұмытылмай мұрында, Жадымызда өшпестей боп барлығы.

Өз қазағын аямастай талаған, Жанын қиды отан үшін сан адам. Қасқыр мінез ит секілді адамдар, Тыңшы болды жағымпаз боп арадан.

Айта берсең, қиын сіре тағдыры, Ұзақ уақыт емделмейді жан мұңы. Құзғын қарға жемтігіне айналды Елім деген өрендердің барлығы.

Қанмен жуып қазағымның даласын, Жас өреннің алдың тағы наласын. Отаным деп белін бұған жастардың, Қырып-жойып қалдырмадың қарасын.

Әлі есте сонау күндер, сонау жыл, Ойлағанда түп санамда болар мұң. Жас қазағым алдарына барғанда, Азаптаумен жанын қидың солардың.

Жастарымда болса-дағы зор талап, Өлтіруге тұрдындар ғой анталап. Ұрып-соғып жаншылдындар барлығын, Кетті әне ауыр мұңды арқалап.

Өктем дауыс, шаштан сүйреп тепкендер, Көкірекпен қарсы ұрып өктемдер. Тәуелсіздік алдық біздер бәрібір, Ақталды қан, шындығында төккен тер.

Тәуелсіз ел – арманымның бастауы, Азаттықтың жалындысын жастары. Елім менің, мәңгі жасыл болғайсың, Тыныштығың болсын мәңгі сақтаулы.

Туған жерім, ұлы елім – тағдырым, Айтпасаң да ұғынатын жан мұңым. Тәуелсіздік – қымбат сыйлық шынында, Бағалаңдар, қастерлендер әрбірін!

Назерке ҚАЛЖИГТТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті

ТАБИҒАТ СЫРЫ:



Табиғат – адамзат үшін әлі толық оқып бітпеген кітап іспетті. Ғылым дамып, ғарышқа дейін жетсек те, жер бетіндегі кейбір тіршілік иелерінің қабілеті әлі күнге дейін зерттеушілерді таңғалдыруда. Кей жануарлар уақытқа бағынбайтындай көрінеді, кейбірі денесін қайта қалпына келтірсе, енді біреулері адам түсіне бермейтін сезім мүшелеріне ие. Табиғаттың осындай тылсым құбылыстары ғалымдарды ғана емес, қарапайым адамдарды да қызықтырады.

Табиғаттағы ең ерекше жаратылыстардың бірі – Turritopsis dohrnii, яғни «өлмейтін медуза» деп аталатын тіршілік иесі. Бұл медуза қартайған кезде немесе жарақат алған жағдайда өз өмірін қайта бастай алады. Басқаша айтқанда, ол ересек күйінен қайтадан полип кезеңіне, яғни балалық шағына оралады.

Ғалымдардың айтуынша, бұл процесс жасушалардың қайта «бағдарлануы» арқылы жүреді. Бірақ бұл құбылыстың нақты механизмі әлі толық зерттелмеген. Егер медузаға сыртқы қауіп төнбесе, ол теориялық тұрғыда шексіз өмір сүре алады. Осы ерекшелігі үшін оны кейде «биологиялық тұрғыда өлмейтін жануар» деп те атайды.

Аколотль – Мексика көлдерінде кездесетін ерекше қосмекенді. Бұл жануардың ең таңғаларлық қасиеті – дене мүшелерін толық қалпына келтіре алу қабілеті. Егер аколотльдің аяғы, құйрығы немесе тіпті жүрегінің бір бөлігі зақымдана, ол біраз уақыттан кейін қайта өсіп шығады. Ең қызығы – бұл кезде тыртық та қалмайды.

Көптеген құс жыл сайын мыңдаған шақырымға ұшып, дәл сол мекеніне қайта оралады. Мәселен, кейбір құстар жазда Еуропада болса, қыста Африкаға дейін жетеді. Ең қызығы – олар жолда адаспайды. Ғалымдардың пайымдауынша, құстар Жердің магнит өрісін сезе алады. Бұл қабілет олардың көзіндегі ерекше ақуыздар арқылы жүзеге асуы мүмкін деген болжам бар.

Алайда құстардың бұл «ішкі компасы» қалай жұмыс істейтіні әлі толық дәлелденген жоқ. Табиғаттың бұл құпиясы әлі де зерттеуді қажет етеді.

Акулалар – теңіздің ең сезімтал жыртқыштарының бірі. Олардың тұмсығында лоренцини ампулалары деп аталатын ерекше рецепторлар орналасқан.

Бұл жүйе арқылы акулалар судың ішінде пайда болатын әлсіз электр сигналдарын сезе алады. Мысалы құм астында тығылып жатқан балықтың жүрек соғысын да анықтайды.

Табиғаттағы ең төзімді тіршілік иелерінің бірі – тихоходка, ғылымда «су аюы» деп аталатын микроскопиялық жәндік.

Тихоходкалар ең қатал жағдайларға төтеп бере алады. Олар 200 градусқа жуық аязда да, 150 градусқа жақын ыстықта да тіршілік ету қабілетін жоғалтпайды. Тіпті ғарыш кеңістігінің вакуумында да біраз уақыт өмір сүре алатыны тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Мұндай тылсым қабілетке ие жануарлардың қатары мұнымен бітпейді. Бұл құбылыстардың әрқайсысы ғылым үшін жаңа сұрақтар тудырады. Біз өмір сүріп жатқан әлем әлі де таңғажайыпқа толы. Ал табиғат бізге осыны еске салатын секілді...

Қорлан САРЫ



Суреттер ЖИ арқылы жасалған



БЕС ҚАРУ — БАТЫРДЫҢ СЕРІГІ

«Ер қаруы бес қару» дегенді естігеніңіз анық. Иә, қазақ жауынгерінің қаруы беске бөлінген. Ал бұлай бөлінуі олардың бірін бірі ауыстыра алмайтын функциясына байланысты деседі. Бес қаруға садақ, қылыш, найза, айбалта мен шоқпар жатады. Зерттеушілердің айтуынша, соғысқа арналған басқа қарулар осы бесеуінің түрленген нұсқасы.

Садақ – қарапайым әрі күрделі, сонымен қатар ең көне қару түрі. Жебесінің екі, үш, төрт және алты қырлы ұшы болған. Қылыш – басы бір жүзді, сыртына қарай қайқылау келетін кесу қаруы. Дәл осы қайқылау болуының арқасында қылыштың кесу күші де күшейеді. Ал өте қайқы қылышты қазақтар «наркескен» деп атаған. Қылыштың басының ұзындығы әдетте 75-88 см, жүзінің ені 3-3,5 см, сабы 10-13 см аралығында ағаштан, сүйектен немесе мүйізден жасалған. Сырты күміспен көмкеріліп, әртүрлі ұлттық нақышпен өрнектеледі. Қазақ қылыштарының наркескеннен бөлек алдаспан, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш деген де түрлері бар.

Ал найзаның сабы қайың, қарагай, емен сияқты қатты ағаштардан жасалып, басына темірден жебе кигізіледі. Найза – атты жауынгердің негізгі түйреу қаруы. Әдетте найза басына шашақ тағылса, әскербасының найзасына дәреже белгісі ретінде байрақ, жалау тағады. Сабының қолға ұстайтын жері жұмсақ болу үшін барқыт, мақпалмен оралып, қайыстан ілгек салынады. Әдетте қазақ найзаларының ұзындығы 150-190 см болғанымен, темір сауытқа қарсы қолданылатын «сүнгінің» ұзындығы 3-3,5 метрге дейін жеткен.

Айбалта – қазақтың дәстүрлі шабу қаруы. Сабы ағаштан жасалып, темірден жасалған басы қосымша екі темір бекітпелер арқылы ұстатылған. Артқы жағының бекітпесі оюмен өрнектелсе, алдыңғы жағына қарсыластың қаруын кесетін қылыш сияқты өткір жүз немесе араның жүзі сияқты ұсақ тіс салынады. Жүзі жарты ай тәрізді дөңгелене келген. Бұл ерекшелігі айбалтаға шабумен бірге кесу арқылы жарақат салуға мүмкіндік береді.

Соғуға арналған қарудың бірі – шоқпар. Жасалуы мен басының үлгісіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы басы мен сабын біртұтас қылып, түбірлі ағаштан жасалған қару (шоқпар), ал басы темірден, сабы да темірден немесе ағаштан жасалып, сырты металмен қапталған түрі – «сүрзі», басы бірнеше тілімді, қырлы болып темірден жасалған жеңіл шоқпар – «бұздыған» деп аталады. Сонымен қатар темірден жасалған басы сабына қайыс немесе шынжыр арқылы бос бекітілген «босмойын» шоқпарлар да қолданыста болған.

Инжу МАРЖАН



Сурет ашық дереккөзден алынды



СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ?

ауыр азапқа ұрынбас үшін кейбір ләззаттан бас тарту керек» деп үндейді. Яғни, Эпикур ләззатты ақылмен таңдауға, қанағатшыл болуға шақырды.

Ал шығыс философиясы мен Ислам дүниетанымында ләззат көбіне рухани тазалықпен байланысты. Бұл тақырыпта біздің де философтар қалам тербеп кеткен еді. Оның бірі және бірегейі – Абай.

Ұлы Абай Құнанбайұлы да өзінің қара сөздерінде ләззат тақырыбына жанама түрде тоқталады. Абай үшін тән құмары – бұл «хайуани қажеттілік». Жетінші қара сөзінде Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйтқасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жаңға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсем соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіп кірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жылса да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйітеді?» деп, «бұл неге бүйітеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» деп жазған еді. Баланың білуге, тануға ұмтылатын «жан құмары» және ішуге, жеуге ұмтылатын тән құмары болатынын айтады. Абай тән ләззатын ғана ойлаған адам өзінің адами болмысынан төмендейді, нағыз ләззат – имандылықта, ғылым-білімде және «Толық адам» деңгейіне жетуде деп пайымдайды.

Сонымен, ләззат деген не? Ләззат – ішсем, жесем, «жалғыз ғана өмірім бар» емес, көрсем, оқысам, білсем, «жалғыз ғана өмірім бар» екен. Нағыз ләззат Эпикур айтқандай жан тыныштығында және Абай меңзегендей ғылым мен ақиқатты тануда жатыр.

Мейір ШИЕТ

Қажеттілігіңіз өтелгенде бойыңызды қандай сезім билейді? Иә, бұл ләззат. Бір қарағанда, оның табиғаты қарапайым көрінуі мүмкін. Дәмді тамақ жеу, сүйікті іспен айналысу немесе сұлулықпен тамсану. Ал ләззаттың шын мәні неде? Ойланп көрдіңіз бе? Ол тек тәннің рахаты ма, әлде жанның тыныштығы ма? Адамзат тарихында бұл сұрақ философтардың ең көп талқыға түскен тақырыптарының бірі.

Ежелгі Грекияда ләззатты адам өмірінің ең жоғарғы мақсаты деп санайтын гедонизм ағымы пайда болды. Оның негізін қалаған Киреналық Аристипп ләззатты тек физикалық тұрғыда түсіндірді. Оның пайымынша, адам табиғатынан ауырсындан қашып, рахатқа ұмтылады. Сондықтан өмірдің мәні – осы шақпен өмір сүріп, мүмкіндігінше көбірек тән ләззатын алу.

Алайда Эпикур атты философ бұл түсінікті тереңдете түсті. Оның пікірінше, нағыз ләззат – үздіксіз той-думан немесе тән құмарлығы емес. Философ ләззатты «азап пен аурудың болмауы» деп дәлелдеді. Эпикур үшін ең жоғарғы ләззат – атараксия, яғни жан тыныштығы. Оның пайымы «Үлкен ләззатқа жету үшін аздаған азапқа төзген дұрыс, ал



Суреттер ЖИ арқылы жасалған